

FTAMP 14.35.07

Н.А.Ырымбаева (orcid -0000-0003-1862-0462)

«Педагогика және психология» білім беру бағдарламасының докторанты
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Астана қ., Қазақстан
e-mail: nurgul.a@internet.ru

<https://doi.org/10.55956/KWSO3603>

СТУДЕНТТЕРДІ МЕДИАБІЛІМ ҮДЕРІСІНДЕ ДАЯРЛАУДАҒЫ ТҮЛҒАЛЫҚ-БАҒДАРЛЫ ТҰҒЫРДЫҢ РӨЛІ

Аңдатпа. Мақалада студенттерді медиабілім үдерісінде даярлаудағы тұлғалық-бағдарлы тұғырдың маңыздылығы зерттелген. Отандық және шетелдік ғылыми әдебиеттерге шолу жасап, ондағы тұлғалық-бағдарлы тұғырдың мәні, тұжырымдамалары және оның білім беру үдерісіндегі рөлі қарастырылған. Мақала мәтінінде кездесетін негізгі кілттік сөздердің анықтамалары берілген. Қазіргі цифрлық және ақпараттық қоғамдағы негізгі құзыреттер болып табылатын студенттердің сыни және шығармашыл ойлауын, білім жолындағы өзіндік ізденісі мен өзін-өзі көрсетуін, үздіксіз білім алуына және бәсекеге қабілеттілігін дамытудың өзектілігі айтылған. Мақаланың қорытындысында студенттерді медиабілім үдерісінде даярлаудағы тұлғалық-бағдарлы тұғырдың мақсатқа жетудегі мүмкіндіктері беріліп, қорытынды жасалынған.

Тірек сөздер: медиабілім, масс-медиа, медиабілім үдерісі, тұғыр, тұлғалық-бағдарлы тұғыр.

Кіріспе. Бүгінгі жаһандық кезеңдегі білім берудің әлемдік кеңістікке бағытталу қарсаңында, болашақ мамандардан кәсіби құзыретті, өзіндік ізденуі мен өмір бойы оқуға бейім, жағдаяттарға икемділіктің жоғарылығы, бәсекеге қабілетті болуы талап етіледі. Ал бұл өз кезегінде болашақ мамандық иелерінің медиабілім үдерісіндегі ақпараттық құзыреттіліктерінің дамытумен айқындалады. Себебі студенттердің қазіргі ақпарат ғасырында цифрлық сауаттылық пен масс-медиа өнімдерін еркін қолданып қана қоймай, ондағы алатын ақпаратты сұрыптай, шынайылығын ажырата, сыни тұрғыдан бағалай білуі мен ойлау арқылы қабылдауы өте маңызды.

Мемлекет басшысы Қ.Ж.К.Тоқаев «Адам капиталының сапасын барынша арттыру керек. Себебі Қазақстанның басты байлығы – адам. Қарым-қабілеті зор, білімді азаматтар елімізді алға бастайды. Сол үшін білім беру жүйесін жан-жақты дамыту қажет», – деген болатын [1]. Бұл білім, білік, дағдысы ұштасқан, өз саласының қас шеберін дайындауда заманауи барлық мүмкіндіктерді қолдану арқылы жүзеге асатыны анық.

Қазіргі жоғары білім берудегі маңызды міндет ретінде медиабілім үдерісінде студенттерге ақпараттың әртүрлі түрлерін түсінуге, пікірлер мен фактілерді ажыратуға, сондай-ақ ақпаратты оның сенімділігі мен сапасына қарай талдау, бағалау қабілеттірін дамытуды айтсақ болады.

Медиабілім үдерісінде студенттердің ақпараттық құзыреттілігін дамыту үшін дәрістер, пікірталастар, жобалық тапсырмалар, сондай-ақ онлайн оқытуды қоса алғанда, заманауи технологияларды пайдалану сияқты жұмыстың әртүрлі әдістері мен нысандарын пайдалану қажет. Осы аталған

іс-әрекеттердің жүзеге асуын ұйымдастыру тікелей болашақ маманның жеке тұлғасын дамытумен байланысты.

Зерттеу шарттары мен әдістері. Зерттеу тақырыбының теориялық және әдіснамалық негізінде студенттерді медиабілім үдерісінде дайындаудағы тұлғалық-бағдарлы тұғыр мәселесі отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектерінде зерделенді. Ғалымдардың зерттеулерінің әдіснамасын, тұжырымдарын басшылыққа ала отырып, тақырып аясындағы ғылыми әдебиеттерді талдау, нақтылау бойынша жалпы ғылыми зерттеу әдістері қолданды.

Зерттеу нәтижелері. Mass media және телекоммуникация терминдерінің анықтамалық сөздігінде «Масс-медиа – бұқаралық ақпарат құралдары (БАҚ) – синонимі ретінде, басылымдар (газеттер, журналдар, кітаптар), радио, теледидар, кинематограф, дыбысжазба және бейнежазба, бейнемәтін, телемәтін, жарнамалық тақталар, үй бейнеорталықтары, теледидарлық, телефондық, компьютерлік желілерді біріктіретін және басқа да байланыс желілері. Бұл құралдардың барлығын біріктіретін олардың сапалары – жалпы аудиторияға арналғандығы, адамдардың қолжетімділігі, ақпарат тарату мен оны жасаудың ұжымдық сипаты», – деген анықтама берілсе, ал «Медиа – бұқаралық қоғамдық ақпаратты тарату құралдары; сондай-ақ, ақпарат жасау, жазу, көшіру, көбейту, сақтау, тарату, қабылдау және субъект (агенттік, автор) пен объект (көпшілік аудитория, адресат) арасында онымен алмасуды жүзеге асыратын техникалық құралдары», – делінген [2].

Медиабілім беру – бұл медиа құралдармен және медиа мәтіндермен жұмыс істеу білімдері мен дағдыларын меңгеруді, сондай-ақ медианы пайдалануда сыни ойлау мен этикалық принциптерді дамытуды қамтитын медиа құзыреттілікті дамытуға бағытталған жүйелі үдеріс [3].

Медиабілім үдерісіндегі мемлекет аумағында таратылатын масс-медиа түрлері:

- Баспа өнімдеріне: газет, журнал, кітап, басылымдар, сыртқы жарнама және т.б.

- Теледидар: жаңалықтар, кино, телехикая, декеті фильм, телеарналық жобалар, яғни интеллектуалды, ойын-сауық бағдарламалары, қоғамдық-саяси ток шоулар, ұлттық музыкалық-танымдық және әлеуметтік бағдарламалар және т.б.

- Радио: жаңалықта, ойын-сауық бағдарламалары, әуендер, жарнамалар және т.б.

- Интернет: әр түрлі мазмұндағы сайттар, әлеуметтік желілер.

Қазіргі қоғамдағыорын алып отырған медиабілім – адамдарға тез өзгертін медиа кеңістікке жылдам бейімделу мен оның мүмкіндіктерін өмірде және кәсіби қызметте тиімді пайдалануға көмектесетін заманауи білім беру жүйесінің қажеттілігі артып келе жатқан элементі ретінде қарастырылады.

Медиа білім үдерісі арқылы болашақ маман өзіндік сыни ойлауды дамытуға, алынған ақпаратты талдауға, оның дұрыстығы мен шынайылығын анықтауға және пайдаланудың этикасын бағалауға негізделген.

Бүгінгі күнгі жоғары оқу орнындағы оқыту-тәрбие мазмұны болашақ маманның жеке өмірі мен кәсіби маман болу жолында өзіндік білімі, ізденімпаздығын, үздіксіз білімі мен қызығушылығын жаңартуы мен

жандандыруына, іс-әрекеттің белсенді субъектісі ретінде қалыптастыруға бағыттала отырып, дамытушылық тұрғыдан тұлғаға бағытталған.

Тұлғалық тұғырмедиабілім үдерісінде студенттердің жеке мотивтерін, нақты қойылған мақсатқа бағдарлануын, бірегейлігін, өзін-өзі анықтау мен дамуын, өзін-өзі жүзеге асыруынталап етеді.

Тұлғалық тұғыр – педагогтің тәрбиеленушіге жеке тұлға, өзіндік дамудың өз әрекетіне жауапты субъектісі және тәрбиелік өзара әрекеттесу субъектісі ретіндегі қалыптастыруы [4].

Тұлғалық тұғырдың негіздері ғылымда И.С. Якиманская, В.В. Сериков, Ю.А. Плотоненко, Г.А. Касен, А.К. Мынбаева, З.М. Садвакасова және т.б.ғалымдардың еңбектерімен толығып, тұлға іс-әрекеттің субъектісі ретінде, оның жеке қабілеттілін көрсетуге және тұлғалық өсуге жағдай жасау,білім алушының субъективті ұстанымын іске асыру мен қарым-қатынастағы іс-әрекетті қалыптастыру тұрғысынан қарастырылды.

Тұлғаға бағытталған жүйенің негізін қалаушы И.С. Якиманскаяның еңбектерде идеялар, принциптер, тұлғаға бағытталған оқытудың психологиялық-педагогикалық негіздері, технологияларымен модель беріледі.Профессордың тұлғаға бағытталған оқыту тұжырымдамасына сәйкес, әр білім алушы даралығымен, өзіндік құндылықтары, қоршаған әлемге деген субъективті көзқарасымен ерекшеленеді. Сондай-ақ, тұлғаның дамуындағы міндеттерді шешуде, оқытушыәрбір білім алушыны бірегей құбылыс ретінде қабылдап, оның даралығын оқу арқылы ашуды, әлеуетін іске асыру қажеттігін ұсынады.

Тұлғаға бағытталған білім–бұл оқыту, оқу, даму арасындағы байланысты жүйелі түрде құру. Бұл дәстүрлі оқу-тәрбие үдерісінен айтарлықтай ерекшеленетін тұтас білім беру үдерісі. Кез-келген оқыту жеке тұлғаның дамуы үшін жағдай жасауға негізделген, сондықтан ол дамушы, тұлғаға бағытталған болып табылады [5].

Ғалым И.С. Якиманская жеке тұлғаға бағытталған білім беру моделінің толық классификациясын енгізіп, оны шартты түрде: элеуметтік-педагогикалық, пәндік-дидактикалық, психологиялық деп бөледі. Ал тұлғаға бағытталған оқыту моделін құру үшін: көп деңгейлі тұғыр, дифференсалды тұғыр, индивидуалды тұғыр, субъективті-тұлғалық тұғыр ұғымдарын ажырату қажеттігін атап өтеді. Сонымен қатар автор тұлғаға бағытталған оқыту келесі дағдыларды қалыптастыратындығын атап өтті:

- алған білімдерін өз бетінше игеру және оны шығармашылықпен қолдану;
- өздігінен және жауапты шешімдер қабылдау;
- өз іс-әрекетін жоспарлай білу, оның нәтижелерін болжау және бағалау;
- өзі және басқалар үшін жауапкершілікті қабылдау;
- басқа адамдармен ынтымақтастық пен қолдау қатынастарын құру [6].

Осылайша, И.С. Якиманскаяның еңбектерінен тұлғалық тұғыр негізінде әрбір білім алушыға бірегей, қайталанбас субъективті-тұлғалық қарым-қатынасты қалыптастыру,жеке қасиеттерін ашу және қажетті элеуметтік, педагогикалық жағдайлар жасау мәселесін аңғарамыз.

Автор атап өткен тұлғаға бағытталған оқыту дағдылары болашақ маманның тұлғалық дамуы мен өзіндік ізденістеріне негізделген. Ал бұл дағдыларды дамыту бүгінгі цифрландыру мен ақпарат ғасырында ерекше мүмкіндіктерге ие.

Тұлғалық тұғырдың теориялық және әдістемелік негіздерін жасауға үлкен үлес қосты ғалым В.В. Сериков, білім парадигмасындағы тұлға орнына ерекше мән беріп, тұлғалық білімге әдіснамалық тұрғыдан талдау жасайды.

Профессор В.В. Сериков тұлғаға бағытталған білім, адамның жеке өмірінің тетіктерін – рефлексия, мағыналы-шығармашылық, талғампаздық, жауапкершілік, дербестікті және т.б. білім берудің өзіндік мақсаты ретінде қарастырып, оған қол жеткізуді мазмұндық және процедуралық компоненттеріне бағынуымен байланыстырады [7].

Автор өз еңбегінде келесідей тұлғаға бағытталған білім беру тұжырымдамаларының жиынтығын ұсынады:

1. Қарапайым және ең көп тараған педагогикалық сана деңгейіндегі білім берудегі тұлғалық тұғыр, педагог пен тәрбиеленушінің арасындағы қарым-қатынастың этикалық-гуманистік принципі ретінде беріледі;
2. Тұлғалық тұғырда педагогикалық іс- әрекеттің негізгі мақсаты – тұлға төңірегіндегі бағыттарын синтездеу принципі ретінде қарастырылады;
3. Тұлғалық тұғыр педагогикалық үдерістегі жеке жаңабілімдік механизмді ашатын түсіндірме принципі ретінде түсіндіріледі;
4. Бұл тұғыр басымдықтарды, білім беру «маршруттарын» таңдау, зерттелетін мазмұнды (жеке тәжірибені) өзіндік, жеке қабылдауды қалыптастыру мағынасында білім беру үдерісін тұлғалық еркіндік принципі ретінде сипаттайды;
5. Білім берудегі жеке тұлға «жаңа адам» моделі ретінде түсіндіріліп, педагогикадағы тұлғалық тұғыр «берілген қасиеттері бар» тұлғаны тәрбиелеу туралы болды;
6. Тұлғалық тұғыр ұжымдық-нивелирлеу тәрбиесіне балама мағынада білім берудегі даралықтың басымдығы ретінде түсіндіріледі;
7. «Тұлғалық тұғыр» ұғымының тағы бір мағынасы педагогикалық үдерістің тұтастығы идеясымен байланысты;
8. Тұлғалық тұғыр – индивидтің жеке қасиеттерін дамытуға және өзін-өзі дамытуға бағытталған педагогикалық үдерістің ерекше түрін (нақты мақсаттары, мазмұны, технологиялары бар) құру ретінде қарастырылады [8].

В.В. Сериковтың ғылыми еңбектерін зерделей келе, тұлғаға бағытталған білім берудің негізгі құндылығы – білім алушыны жеке тұлға ретінде қарастыру, оның жеке тәжірибенің қалыптасуын, өзінің жеке білімін, өзіндік мінез-құлық стилін, өзіндік пікірін, өзіндік іс-әрекет құрылымын дамытуды қамтамасыз етуді қарастырғанын аңғардық. Сондай-ақ, білім алушының өзіндік жеке қасиеттерінің көрініс табуы үшін: мотивациялық, бағдарлық, делдалдық, қайшылық, сыни, мағыналы-шығармашылық, өзін-өзі жүзеге асыру, рефлексиялық және әмбебап тұлғалық функциялардың қажеттігін атап өтеді.

Осылайша, автордың зерттеулерінде жеке тұлғаға бағытталған білім беру тұжырымдамасы педагогикалық тәжірибе мен сананың өзгеруін реттеуі ретінде айтылады. Ал тұлғалық тұғыр – педагогика пәні шеңберінде білім берудің мақсаты мен мазмұнының категориялары, оқыту мен оқыту қызметі, оқыту әдістері және олардың құрамына кіретін нақты технологиялар, білім беру үдерісінің тиімділік критерийлері арқылы қарастырылады. Демек, болашақ маманның жеке және субъективті ұстанымдарының қалыптасуына, өзіндік бағдарлануы мен жобалауына, педагог пен білім алушының мақсатқа бағытталған өзара іс-әрекетін жүйелі ұйымдастыру арқылы іске асады.

Ю.А. Плотоненконың зерттеу жұмысында ЖОО-да студенттің ақпараттық құзыреттілігінің қалыптасуы динамикалық құрылым және деңгей бойынша дифференциалану ретінде қарастырылған (базалық, кәсіптік-модельдеу және шығармашылық-ізвестіру). Ол білім алушының құзыреттілігін қалыптастырудағы мүмкіндіктерін толық ашуда тұлғалық-бағдарлы тұғырға негізделеді. Сонымен қатар, тұлғалық-бағдарлы тұғыр студенттің әлеуетін ашып қана қоймай, жаңа ақпараттық технологияларды қолданудағы ақпараттық құзыреттілік деңгейін сәйкестендіруге әсері болатындығы айтылған.

Зерттеушінің ғылыми еңбегінде ақпараттық құзыреттілікті қалыптастыру үдерісі жеке білім беру траекторияларын іске асыру шеңберінде жүзеге асып, студенттерге жобалауға, өзін-өзі жүзеге асыруға, ынталандыруға жағдай жасаумен сипатталады. Сондай-ақ авторстуденттердің жеке жетістіктері мен оқу сапасын бағалау ақпараттық құзыреттілік деңгейлеріне қол жеткізу критерийлері мен көрсеткіштер негізін келесідей анықтайды:

1) нақты құрылымдалған білім беретін компьютерлік бағдарламалармен жұмыс істеу кезінде нәтижесі білім алушының іс-әрекетімен детерминирленген кез келген қызмет түрлерін нақты жоспарлауды талап ететін ортаға енгізілген кезде конструктивті алгоритмдік ойлау;

2) репродуктивті қызметтің мазмұнын өзгерту, танымдық қызығушылықты жандандыру, зияткерлік оқыту жүйелері мен модельдеу бағдарламалары ортасында эвристикалық, зерттеушілік сипаттағы тапсырмаларды орындау есебінен шығармашылық ойлау;

3) электрондық пошта және электрондық конференциялар сияқты технологиялардың көмегімен өзара іс-қимыл мүмкіндіктерін кеңейтудің арқасында бірлескен жобаларды орындау, компьютерлік іскерлік ойындар өткізу барысында коммуникативтік қабілеттерге ие болу [9].

Демек, Ю.А. Плотоненко еңбектерінде ЖОО-ны студенттерінің ақпараттық құзыреттілігін қалыптастыру үдерісінде тұлғалық-бағдарлы тұғырды қолданудың маңыздылығын атап көрсеткенін байқаймыз. Тұлғалық-бағдарлы тұғыр құндылық бағдарлары, сенімдері, қажеттіліктері мен қызығушылықтары деңгейінде жұмыс істеуді қамти келе, оқу үдерісін студенттер үшін тиімді, әрі қызықты етуге мүмкіндік береді. Яғни, оқыту тек оқып, білім алып қана қоймай, әр білім алушы үшін өзіндік маңызы болуы керек.

Қазіргі жылдам өзгертін ақпараттық қоғамда білім, білік, дағдыларды үнемі жаңарту қажеттігі, болашақ мамандардың ақпараттық құзыреттілігін дамытуын қажет етеді. Осы тұрғыда тұлғалық-бағдарлы тұғыр студенттердің жеке ерекшеліктерін ескеруге және олардың әртүрлі жағдайларда ақпаратты өз бетінше іздеу, талдау, бағалау және пайдалану қабілетін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Осылайша тұлғалық-бағдарлы тұғыр, медиабілім үдерісінде студенттерінің ақпараттық құзыреттілігін дамытуға, студенттердің жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, оқытудың тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді және оларға қазіргі ақпараттық ортаның белсенді және құзыретті қатысушылары болуға көмектеседі.

Отандық ғалымдар Г.А. Касен, А.К. Мынбаева, З.М. Садвакасованың еңбектерінде тұлғалық-бағдарлы тұғырдың негізгі жағдайы төмендегідей қарастырады:

1. Тұлға барлық білім беру үдерісінің тиімділігін бағалаудың мақсаты, субъектісі, нәтижесі және критерийіне айналады;
2. Өзара қатынаста, өзара әрекетте, қарым-қатынаста және білім беруде субъект-субъектілік қатынастар басым болады;
3. Тұлғалық-бағдарлы оқыту білім алушылардың, студенттердің тұлғалық өзін-өзі дамытуымен даму үдерісін білуді талап етеді;
4. В.А. Петровскийдің оқыту үдерісіне сәйкес, оқытудағы тұлғалық-бағдарлы принциптерді тұжырымдау, яғни өзгергіштік, интеллект, әсер және әрекет синтезі, басымдықты бастау;
5. Тұлғалық-бағдарлы тұғырдағы білім мазмұны;
6. Педагогтің фасилитатор ретіндегі ұстанымы;
7. Индивидуалды тұғыр [10].

Сонымен қатар авторлар тұлғалық-бағдарлы оқытудағы студенттерге арналған: әрдайым студенттерге мотивация беріп отыру; топ пен студенттердің индивидуалды ерекшеліктерін зерттеу; әр түрлі деңгей мен қиындықтағы тапсырмаларды әзірлеу; студенттерді ерекшелеп, мадақтау; студенттердің нәтижелерін, іс-әрекеттерін бағалап, жұмыстарды студенттердің өздерінің бағалауына жағдай жасау және т.б әдістемелік ұсынымдарды берді [10].

Ғылыми нәтижелерді талқылау. Жоғарыда қарастырған шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып, медиабілім үдерісінде болашақ мамандардың тұлғаға бағдарланған қатынасын басшылыққа алу арқылы, ақпараттық құзыреттілігін дамытуда әр білім алушының даралығын, өзіндік жеке құндылықтары мен қасиеттерін дамыту, өзіндік жаңа сапаларды ашу мен өзін-өзі дамыту бағыттылығының маңыздылығын аңғардық.

Осылайша медиабілім үдерісіндегі тұлғалық-бағдарлы тұғыр студенттердің ақпараттық мәдениетін, медиақұзыреттілігін, кәсіби әлеуетін, әртүрлі ақпарат көздерінен қажетті деректерді іздеу мен жеке тәжірибеде қолдану қабілеті мен кәсіби қызметінде қолданудан көрініс тауып, ақпарат ағынында бағдарлана алатын тұлғаға айналуына негіз болады.

Болашақ маманға білім беруде тұлғалық-бағдарлы тұғырды басшылыққа ала отырып, келесі мақсаттарға жетуге мүмкіндік туады:

1. Оқытуды даралау: тұлғалық-бағдарлы тұғыр әрбір білім алушының жеке ерекшеліктерін, қызығушылықтары мен қажеттіліктерін ескеруге мүмкіндік бере отырып, бейімдеуді қамтиды. Оқу материалдары мен оқыту әдістері студенттердің жеке қалауы мен қабілеттеріне икемдеу және медиабілім беруге негізделген топтық жұмыс, жеке жобалар мен тапсырмалар және т. б. тұрады.
2. Студенттерді белсенді түрде тарту: тұлғалық-бағдарлы тұғыр студенттердің оқу үдерісіне белсенді қатысуына ықпал ете отырып, олардың масс-медиамен өз бетінше жұмыс істеуге, тапсырмалар мен жобаларды таңдауға, сондай-ақ өз пікірлері мен идеяларын білдіруге мүмкіндіктер береді. Бұл өз кезегінде болашақ мамандардың өзін-өзі анықтауын, тәуелсіздігі мен жауапкершілігін дамытуға ықпал етеді.
3. Студенттердің жеке қасиеттерінің дамуына ықпал ету: тұлғалық-бағдарлы тұғыр білім алушылардың өзін-өзі бағалау, эмоционалды интеллект, эмпатия және әр түрлі жағдайға толеранттылық таныту, өз пікірлерін еркін айтуға, өзгелердің көзқарастарын тыңдап және құрметтеу сияқты жеке қасиеттерді дамытуға көмектеседі.

4. Өзін-өзі бағалау мен өзін-өзі реттеуді дамыту: медиабілім үдерісінде студенттерге өз қабілеттеріне деген сенімділікті арттыруға, өздерінің күшті жақтарын білуге, мақсат қоюға, өзін-өзі бақылау, өзін-өзі көрсету және жоспарлау дағдыларын дамытуға ықпал етеді.

5. Студенттердің әлеуметтік дағдыларын дамыту: тұлғалық-бағдарлы тұғыр қарым-қатынас дағдыларын, ынтымақтастықты, әлеуметтік-эмоционалды аспектілер мен тұлғааралық дағдыларды, медиабілім үдерісіндегі ақпараттық қауіпсіздікті дамытуға әсері болады.

Қорытынды. Студенттерді медиабілім үдерісінде даярлаудатұлғалық-бағдарлы тұғыр ақпарат ағынында бағдарлана алатын, жеке тұлғалық қасиеттерін өзіндік ізденісімен дамытуға қабілетті, кәсіби құзыретті маман қалыптасуында маңызы зор.

Әдебиеттер тізімі

1. Мемлекет басшысы Қ.Ж.Тоқаевтың VIII сайланған Парламенттің бірінші сессиясының ашылуында сөйлеген сөзі [Электрондық ресурс] – Қолжетімділік режимі: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyyn-viii-saylangan-parlamenttin-birinshi-sessiya-synyn-ashyluynda-soylegen-sozi-2922539>
Жүгінген күні: 15.04.2023
2. Тұрсын, Қ. Mass media және телекоммуникация терминдерінің қазақша-орысша-ағылшынша анықтамалық сөздігі [Мәтін] / Қ. Тұрсын. – Алматы, Қазақ энциклопедиясы баспасы, 2015. – 632 б.
3. Manovich, L. Software Takes Command: Extending the Language of New Media [Electronic resource] – Access mode: <https://doi.org/10.5040/9781472544988> Date of application: 15.04.2023
4. Бим-Бад, Б. Педагогический энциклопедический словарь [Текст] / Б. М. Бим-Бад. – М: Большая рос. энцикл., 2002. – 527 с.
5. Якиманская, И.С. Технология личностно-ориентированного образования [Текст] / И.С. Якиманская. – М.: 2000. – 98 с.
6. Якиманская, И.С. Личностно ориентированное обучение в современной школе [Текст] / И.С. Якиманская. – М.: Сентябрь, 1996. – 96 с.
7. Сериков, В.В. Образование и личность. Теория и практика проектирования педагогических систем [Текст] / В.В. Сериков. – М.: Издательская корпорация «Логос», 1999. – 272 с.
8. Сериков, В.В. Личностно-ориентированное образование: поиск новой парадигмы [Текст] монография / В.В. Сериков. – М., 1998. – 180 с.
9. Плотоненко, Ю.А. Личностно-ориентированный подход в формировании информационной компетентности студентов вуза [Текст]: автореф. дисс. к.п.н. : 13.00.01 / Ю.А. Плотоненко. - Тюмень, Тюмен. гос. ун-т., 2009. – 27 с.
10. Касен, Г.А. Личностно-ориентированный, проектный и проблемно-ориентированный подходы в обучении [Текст] : методические рекомендации / Г.А. Касен, А.К. Мынбаева, З.М. Садвакасова. – Алматы: Қазақ университеті, 2013. – 78 с.

Мақала редакцияға 16.05.23 түсті

Н.А.Ырымбаева

*Евразийский национальный университет им. Л.Н.Гумилева
Астана, Казахстан*

РОЛЬ ЛИЧНОСТНО-ОРИЕНТИРОВАННОГО ПОДХОДА В ПОДГОТОВКЕ СТУДЕНТОВ В ПРОЦЕССЕ МЕДИАОБРАЗОВАНИЯ

Аннотация. В статье изучена важность личноно - ориентированного подхода в подготовке студентов в процессе медиаобразования. Проведен обзор отечественной и зарубежной научной литературы, рассмотрены сущность, концепции личноно-ориентированного подхода и его роль в образовательном процессе. Приведены определения ключевых слов, встречающихся в тексте статьи. Подчеркнута актуальность развития критического и творческого мышления, самостоятельного поиска и самовыражения, непрерывного образования и конкурентоспособности студентов, которые являются основными компетенциями в современном цифровом и информационном обществе. В заключении статьи представлены возможности достижения цели личноно-ориентированного подхода в подготовке студентов в процессе медиаобразования.

Ключевые слова: медиаобразование, масс-медиа, процесс медиаобразования, подход, личноно-ориентированный подход.

N.A. Yrymbayeva

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

THE ROLE OF THE PERSONALITY-CENTERED APPROACH IN TRAINING STUDENTS IN MEDIA EDUCATION

Abstract. The article studies the importance of personality-centered approach in the training of students in the process of media education. The review of domestic and foreign scientific literature is carried out, the essence, the concepts of personality-centered approach and its role in the educational process are considered. The definitions of key words occurring in the text of the article are given. The urgency of developing critical and creative thinking, independent search and self-expression, continuous education and competitiveness of students, which are the main competences in today's digital and information society, is emphasized. In the conclusion of the article the possibilities of achieving the goal of personality-centered approach in the training of students in the process of media education are presented.

Keywords: media education, mass media, media education process, approach, person-centered approach

References

1. Memleket basshysy K.-ZH.Tokaevtyн VIII sajlangan Parlamenttin birinshi sessiyasynyn ashyluynda sojlegen sozi [Electronic resource] – Access mode: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyн-viii-sajlangan-parlamenttin-birinshi-sessiyasynyn-ashyluynda-sojlegen-sozi-2922539> [in Kazakh]
2. Tursyn, K. Mass media zhәne telekommunikaciya terminderinin kazaksha-orysshagylyshynsha anyktamalyk sozdigi [Kazakh-Russian-English reference dictionary of Mass media and telecommunications terms]. – Almaty, «Kazak enciklopediyasy» baspasy, 2015. – 632 p. [in Kazakh]
3. Manovich, L. Software Takes Command: Extending the Language of New Media [Electronic resource] – Access mode: <https://doi.org/10.5040/9781472544988>

4. Bim-Bad, B. Pedagogicheskiy enciklopedicheskiy slovar' [Pedagogical encyclopedic dictionary]. – M.: 2002. – 527 p. [in Russian].
5. Yakimanskaya, I.S. Tekhnologiya lichnostno-orientirovannogo obrazovaniya [Technology of personality-oriented education]. – M.: 2000. – 98 p. [in Russian].
6. Yakimanskaya, I.S. Lichnostno orientirovannoe obuchenie v sovremennoj shkole [Personality-oriented learning in a modern school]. – M.: Sentyabr', 1996. – 96 p.
7. Serikov, V.V. Obrazovanie i lichnost'. Teoriya i praktika proektirovaniya pedagogicheskikh sistem [Education and personality. Theory and Practice of Pedagogical Systems Design]. – M.: Izdatel'skaya korporaciya «Logos», 1999. – 272 p. [in Russian].
8. Serikov, V.V. Lichnostno-orientirovannoe obrazovanie: poisk novej paradigmy: Monografiya [Personality-oriented education: the search for a new paradigm: Monograph]. – M., 1998. – 180 p. [in Russian].
9. Plotonenko, YU.A. Lichnostno-orientirovannyj podhod v formirovanii informacionnoj kompetentnosti studentov vuza: avtoref. diss. k.p.n. : 13.00.01 [Personality-oriented approach in the formation of information competence of university students]. – Tyumen', 2009. – 27 p. [in Russian].
10. Kasen, G.A., Mynbaeva, A.K., Sadvakasova, Z.M. Lichnostno-orientirovannyj, proektnyj i problemno-orientirovannyj podhody v obuchenii: metodicheskie rekomendacii [Personality-oriented, project-oriented, and problem-oriented approaches in teaching: methodological recommendations]. – Almaty: Kazak universiteti, 2013. – 78 p. [in Kazakh]